

**«Шәкәрім Университетінің Хабаршысы.
Техникалық ғылымдар сериясы»
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНЫҢ
РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ**

«ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ		
3 деңгейдегі СМЖ құжаты	Редакциялық саясат	РС 042-2.01-2026
Ғылыми журналдың редакциялық саясаты	№2 басылым 09.06.2026 ж 20.04.2021 ж. №1 басылымның орнына	




**«Шәкәрім Университетінің Хабаршысы.
Техникалық ғылымдар сериясы»
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ**

Семей
2026

Алғы сөз**1 ӘЗІРЛЕГЕН**

Ғылыми-редакциялық
бөлімінің басшысы

 Е. Евлампиева «09» 06 2026 ж.

2 КЕЛІСІЛДІ


Басқарма мүшесі – ғылым
жөніндегі проректор

 Ж. Қалибекқызы «09» 06 2026 ж.

Стратегиялық жоспарлау және
сапа менеджменті
орталығының басшысы

 Ж.М. Орынканова «09» 06 2026 ж.

Заңгер

 Д. Еникеева «09» 06 2026 ж.

3 20.04.2021 ж. №1 басылымның орнына **ЕНГІЗІЛГЕН.**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
2. Негізгі терминдер	4
3. Ашық қолжетімділік саясаты	5
4. Рецензиялау тәртібі	6
5. Ғылыми жарияланымдар этикасы	7
6. Ақпаратты ашу саясаты және мүдделер қақтығысы	9
7. Мәтіндік ұқсастықтар және плагиат	9
8. Препринттер мен постпринттерді орналастыру саясаты	9
9. Қаржыландыру көздері	9
10. CrossMark	10

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Шәкәрім университетінің хабаршысы. Техникалық ғылымдар сериясы» ғылыми журналы (бұдан әрі – журнал) ақпараттық ашықтық және авторлардың жарияланымдарының қолжетімділігі саясатын ұстанады. Журнал мақалалары журналдың сайтында үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) толықмәтінді ашық қолжетімділік режимінде орналастырылады.

Журнал мақалалары CrossRef дерекқорында тіркеледі, әрбір авторлық мақалаға міндетті түрде DOI (Digital Object Identifier) – дәйексөз келтіруді, сілтеме жасауды және электрондық құжаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін цифрлық объект идентификаторы беріледі.

Журналдың редакциялық алқасының құрамына Қазақстанның және шетелдердің жетекші ғалымдары кіреді.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, жақын және алыс шетелдер.

Ғылыми журналдың миссиясы – қазақстандық ғылымның адами әлеуетін дамыту, зерттеушілердің түрлі санаттарының, жоғары оқу орындары мен ғылыми қауымдастық өкілдерінің күш-жігерін біріктіру.

Журналдың мақсаты – қолданбалы маңыздылық пен технологиялар трансферіне бағдарлану. Журнал ақпараттық технологиялар, механика, жылу энергетикасы, химиялық және тағам инженериясы тоғысындағы бағыттарды біріктіретін пәнаралық инженерлік платформа моделін жүзеге асырады. Бұл жаһандық ғылыми үрдістерге сәйкес келетін зерттеулерді жариялауға мүмкіндік бере отырып, олардың қолданбалы бағытын сақтауды қамтамасыз етеді.

Журналдың тақырыптық бағыттары:

- Автоматтандыру және ақпараттық технологиялар
- Машина жасау және механика
- Тағамдық инженерия және биотехнология
- Техникалық физика және жылу энергетикасы
- Химиялық технология

Журналдың шығу жиілігі – тоқсанына 1 рет (жылына 4 нөмір).

2 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР

Автор – ғылыми зерттеу нәтижелері негізінде ғылыми жарияланымды дайындауға елеулі үлес қосқан адам немесе адамдар тобы (ұжым). Мұндай үлеске эмпирикалық зерттеу материалдарын жинау және қорыту, мақаланың құрылымын қалыптастыру, мәтінді жазу және жариялауға дайындау және т.б. жатады.

Бас редактор – журналдың редакциялық алқасын басқаратын және рецензиялау мен ғылыми редакциялау нәтижелері негізінде журналда мақалаларды жариялау жөнінде түпкілікті шешім қабылдайтын тұлға.

Баспагер – ғылыми журналды шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлға.

Жасанды интеллект (ЖИ) – әдетте адам интеллектісін қажет ететін міндеттерді орындауға қабілетті жүйелерді құрумен айналысатын ғылым мен технология саласы.

Ғылыми редактор – жарияланым материалдарын баспаға дайындауды жүзеге асыратын, сондай-ақ ғылыми жарияланымдардың авторлары мен оқырмандарымен өзара әрекеттесетін журнал өкілі.

Плагиат – жеке тұлғаның өзгенің шығармашылық еңбегінің заңмен қорғалатын нәтижелерін заңсыз пайдалану немесе иемденуі және өзін сол еңбектің шынайы авторы ретінде көрсетуі. Ғылыми, ғылыми-көпшілік және оқу жұмыстарында плагиат деп өзгенің еңбектерін немесе идеяларын тиісті сілтемелерсіз пайдалану танылады.

Жариялау процесі – ғылыми мақалаларды қабылдау, рецензиялау, ғылыми редакциялау, жариялауға дайындау және журналдың кезекті санында жариялау үдерісі.

Жарияланым этикасы – ғылыми жарияланымдарды әзірлеу және тарату барысында жариялау процесіне қатысушылардың (авторлар, рецензенттер, бас редактор, редакциялық алқа мүшелері, баспагер) кәсіби мінез-құлқын реттейтін нормалар жүйесі.

Журнал редакциясы – бас редакторды, редакциялық алқа мүшелерін және ғылыми редакторды біріктіретін жалпы атау.

Редакциялық алқа – журналдың ғылыми бағыттарына сәйкес келетін беделді ғалымдардан құралған алқалы кеңесші орган, ол ғылыми жарияланымдарды іріктейді, бағалайды және жариялауға ұсынады.

Рецензент – журнал атынан авторлық материалдарға ғылыми сараптама жүргізіп, олардың журналда жариялану мүмкіндігін айқындайтын редакциялық алқа мүшесі немесе тартылған тәуелсіз сарапшы.

3 АШЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК САЯСАТЫ

3.1 Журнал өз контентіне тікелей ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді, келесі қағидатқа сүйене отырып: зерттеу нәтижелеріне еркін ашық қолжетімділік білімнің жаһандық алмасуын арттыруға ықпал етеді.

3.2 Ашық қолжетімділік саясаты Ашық қолжетімділік жөніндегі Будапешт бастамасының (BOAI) анықтамасына сәйкес келеді және мақалалардың интернет желісінде ашық қолжетімді болуын білдіреді. Бұл барлық пайдаланушыларға мақалалардың толық мәтіндерін оқуға, жүктеп алуға, көшіруге, таратуға, басып шығаруға, іздеуге немесе оларға сілтеме жасауға, индекстеу үшін сканерлеуге, бағдарламалық қамтамасыз етуге деректер ретінде беруге немесе кез келген басқа заңды мақсаттарда пайдалануға мүмкіндік береді. Бұған тек интернетке қолжетімділіктің өзінен туындайтын қаржылық, құқықтық немесе техникалық кедергілер ғана кірмейді.

3.3 Мұрағаттау

- Қазақстандық ғылыми дәйексөз индексі
- Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі

- Google Scholar
- The Lens
- Mendeley
- Нейро ассистент
- Республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхана
- WorldCat.org
- КиберЛенинка
- Scilit

4 РЕЦЕНЗИЯЛАУ

Журналда жариялау үшін автордың (лардың) бұрын жарияланбаған қазақ, орыс немесе ағылшын тілдеріндегі мақалалары қабылданады, олар журналдың тақырыптық бағыттарына сәйкес келеді және қатаң түрде талаптар бойынша рәсімделеді.

Автор қолжазбаны мақаланың барлық метадеректері мен оның авторы (лары) көрсетілген хат-хабарларға арналған электрондық платформа арқылы жүктеуге тиіс.

Журналдың редакциялық алқасы авторлардан келіп түскен қолжазбаларды қарайды, оларды рецензиялауды ұйымдастырады және қолжазба электронды платформа арқылы келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде жариялау немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қолжазбамен жұмыс істеу кезеңінде редакция, хат – хабарларға арналған автор мен рецензенттер арасындағы байланыс журналдың электрондық (онлайн) платформасы арқылы, ал ерекше жағдайларда-электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады.

Журналдың редакциялық алқасы қолжазбаның формальды талаптарға сәйкестігін қарау кезінде (қолжазбаны ресімдеу) «Шәкәрім университеті» КеАҚ жазылымымен қамтамасыз етілген плагиатқа тексеру жүйесі арқылы жүргізеді.

Журнал редакциясына келіп түскен және формальды талаптарға, рәсімдеу талаптарына және ерекшелік көрсеткіштеріне сәйкес келетін қолжазбалар плагиатқа қарсы жүйе арқылы тексеру негізінде одан әрі рецензиялау үшін міндетті түрде жіберіледі.

Журналда қосарланған соқыр рецензиялау (Double-blind review) қолданылады, яғни құпия түрде: мақала қолжазбасы екі рецензенттерге авторлар туралы деректерді көрсетпей, журналдың электрондық платформасы арқылы жіберіледі.

Рецензенттер ретінде нақты ғылыми бағыт бойынша терең кәсіби білімі мен жұмыс тәжірибесі бар және рецензияланатын мақалалар тақырыбы бойынша кемінде үш жыл жариялау қызметінде тәжірибесі бар отандық және шетелдік ұйымдардың жоғары білікті ғалымдары тартылуы мүмкін.

Қолжазба материалдарын қабылдау мен түсіндіруде айқын мүдделер қақтығысы болған жағдайда Рецензент рецензия жазудан бас тартуға құқылы.

Рецензенттерден қолжазбаның негізгі ғылыми критерийлерге сәйкестігін нақты, объективті және дәлелді бағалау талап етіледі.

Қолжазбаларды рецензиялау редакцияның әрі қарайғы іс-әрекеттеріне негізделген ұсыныспен аяқталады.

Рецензенттерден қорытындылар алғаннан кейін жауапты редактор оларды авторға(-лерге) рецензенттердің деректерін көрсетпей хат-хабар үшін, ескертулерге жауап беру, тиісті өзгерістер енгізу және қолжазбаны электрондық платформа арқылы қайта жіберу үшін жібереді. Автор (лар) ескертулерге жауаптардан, қолжазбаға өзгерістер енгізуден және оны журнал редакциясына қайта жіберуден түсіндірместен бас тарта алады.

Автордан рецензенттердің барлық ескертулеріне жауап алғаннан кейін, қолжазбаға өзгерістер енгізіп, оны журнал редакциясына қайта жібергеннен кейін ғылыми редактор барлық материалдарды рецензентке(-ларға) қайта рецензиялау үшін жібереді.

Екі рецензент пен жауапты редактордың оң қорытындысы бар қолжазба «Шәкәрім университетінің хабаршысы. Техникалық ғылымдар сериясы» басылымға қабылдау кезегіне сәйкес. Редакциялық алқа мақұлдаған қолжазбалар журналдың шығуын қалыптастыру үшін жауапты хатшыға беріледі.

Егер рецензенттердің бірі қолжазба бойынша оң, ал екіншісі – теріс қорытынды берген жағдайда, қолжазбаны ғылыми редактор үшінші рецензентке немесе қолжазба тақырыбы бойынша маман болып табылатын редакциялық алқа мүшесіне жібереді. Үшінші рецензент немесе редакциялық алқа мүшесі оң қорытынды берген жағдайда қолжазбаны жариялауды қабылдау/қабылдамау туралы түпкілікті шешімді журналдың ғылыми редакторы қабылдайды.

Егер екі теріс пікір болса, қолжазба журналда жарияланбайды. Рецензиялау нәтижелері бойынша қабылданбаған мақала материалдарын редакциялық алқа өз мақсаттары үшін пайдаланбайды. Редактор автор (лар) ды жариялаудан бас тарту туралы хабардар етеді және рецензенттердің қорытындыларын жібереді.

Қолжазбаларға рецензиялар үш жыл бойы журналдың электронды платформасында электронды форматта сақталады.

5 ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАРДЫҢ ЭТИКАСЫ

5.1 Өз қызметінде ғылыми журналды шығарушы «Шәкәрім университетінің хабаршысы. «Техникалық ғылымдар сериясы» жариялау этикасының келесідей қағидаларын басшылыққа алады:

- Редакцияның, ғылыми редакторлардың, рецензенттер мен авторлардың этикалық қағидаларды жүзеге асыруына жағдай жасайды.

- «Шәкәрім университетінің хабаршысы. «Техникалық ғылымдар сериясы» ғылыми журналы үшін жариялау этикасы талаптарының бұзылуын

болдырмауға, оның ішінде шағымды қарауда журналдың редакциясына қолдау көрсету арқылы(-лар) ықпал етеді.

- Ғылыми журналдың редакциялық саясатының қағидаттарына сәйкес ашық қолжетімді ақпаратқа қатысты мәліметтерді қоспағанда, жариялау үдерісіне қатысты барлық ақпараттық деректердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

- Редакция алқасына ғылыми сипаттағы, объективтілік пен ашықтық қағидаттарына сәйкес, сондай-ақ рецензия нәтижелері бойынша журналда жариялау үшін авторлық шығармаларды еркін таңдау мүмкіндігін береді.

5.2 Журнал редакциясы зерттеу жүргізу және мақаланы дайындау кезінде ЖИ бар құралдарды пайдалануды ұсынбайды.

5.2.1 Ешқандай ЖИ бағдарламасы және ешқандай жағдайда мақаланың авторы немесе тең авторы ретінде көрсетілмейді. ЖИ бағдарламасы зерттеу жүргізуге және мақаланы дайындауға үлес қосқан адамдардың тізімінде көрсетілмейді. Бағдарламалар мен құралдар негізделген және ұсынылған жұмыс үшін жауап бермейді (және көтере алмайды), олар мүдделер қақтығысының болуы мен болмауы туралы мәлімдей алмайды және авторлық құқықты басқара алмайды.

5.2.3 Мақаланы дайындау кезінде ЖИ пайдаланылған жағдайда, мақаланың нақты бөлімдерін жасау үшін ЖИ қолдану туралы толық ақпарат беру міндетті болып табылады. ЖИ қолдану туралы ақпарат мақаланың кіріспесінде немесе «Зерттеу әдістері» бөлімінде ұсынылуы мүмкін.

5.2.4 ЖИ-пен жүргізілген жұмыстың сипаттамасы мыналарды қамтуы керек: ЖИ құралдарының атауы, нұсқасы және әзірлеушісі (мысалы, Chatgpt, OpenAI әзірлеген GPT-4 негізіндегі 25 қыркүйектегі нұсқасы).

5.2.5 Журналдың редакциясы ЖИ пайдалана отырып дайындалған мақалаларды жариялау немесе жариялаудан бас тарту туралы шешім қабылдау құқығын өзіне қалдырады. Егер мақала жасанды интеллект көмегімен дайындалған болса, бірақ бұл ретте мақалада оның қолданылуы туралы ақпарат көрсетілмесе, мақала редакцияның шешімі бойынша жарияланымнан алынып тасталуы мүмкін.

5.2.6 ЖИ шолуды дайындауда қолданыла алмайды. Мақала мәтінінің немесе шолу мәтінінің үзінділері автордан алынған ақпараттың құпиялылығын бұзуы мүмкін.

5.2.7 Егер мақала немесе оның бөліктері ЖИ көмегімен жасалған деген алаңдаушылық туындаса және бұл туралы ақпарат болмаса, бұл шолуда оның дәлдігіне және/немесе жариялауға жарамдылығына әсер ететін фактор ретінде атап өтілуі мүмкін.

5.2.8 Редакцияға мақаламен жұмыс істеу кезінде ЖИ пайдалануға рұқсат етілмейді. Мұның себебі рецензенттермен бірдей: чат-ботқа мақаланың үзіндісін де, шолудың үзіндісін де жүктеу кезінде құпиялықтың бұзылу қаупі жоғары.

6 АҚПАРАТТЫ АШУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Рецензияға ұсынылған қолжазбалардан алынған жарияланбаған деректер автордың жазбаша келісімінсіз жеке зерттеулерде пайдаланылмауы тиіс.

Рецензиялау барысында алынған және ықтимал артықшылық беретін ақпарат немесе идеялар құпия сақталуы тиіс және жеке пайда табу мақсатында пайдаланылмауы қажет.

Рецензенттер бәсекелестік, бірлескен қызмет немесе басқа да өзара байланыстар мен қатынастар нәтижесінде авторлардың, компаниялардың немесе басқа ұйымдардың жұмысымен байланысты мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда қолжазбаларды қарауға қатыспауы тиіс.

7 МӘТІНДІК ҰҚСАСТЫҚТАР ЖӘНЕ ПЛАГИАТ

«Шәкәрім университетінің Хабаршысы. Техникалық ғылымдар сериясы» журналының редакциясына келіп түскен мақалалар антиплагиат жүйесі арқылы тексеруден өтеді.

Көп мөлшерде заңсыз қарыз алу (плагиат) фактілері анықталған жағдайда, редакция COPE (Committee on Publication Ethics) ережелеріне сәйкес әрекет етеді.

8 ПРЕПРИНТТЕР МЕН ПОСТПРИНТТЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ САЯСАТЫ

Өтінім беру барысында автор мақаланың жарияланбағанын немесе басқа ғылыми журналда жариялауға қабылданбағанын растауы қажет. журналында жарияланған «Шәкәрім университетінің хабаршысы. «Техникалық ғылымдар сериясы» мақаласында баспагер журналдың ресми сайтына сілтеме (материалдың толық URL мекенжайы) орналастыруды сұрайды.

Авторлар бұрын жеке немесе жалпыға қолжетімді сайттарда жариялаған, басқа баспаларға қатысы жоқ мақалалар қарастыруға рұқсат етіледі.

9 ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Журналды басып шығару құрылтайшы ұйымның қаражаты, баспагердің қаражаты, жарнамалық материалдарды жариялаудан түсетін кірістер, репринттерді жариялау және авторлық жарналар есебінен қаржыландырылады.

10 CrossMark

CrossMark – Crossref қызметі болып табылады, ол оқырманға жарияланған мақаланың немесе басқа да материалдардың өзекті (соңғы) нұскасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Шәкәрім университетінің Хабаршысы. Техникалық ғылымдар сериясы» журналы CrossMark қызметін журнал мазмұнының өзектілігін сақтау және жарияланған мақалаларға өзгерістер енгізілген жағдайда оқырмандарды ол туралы хабардар ету үшін пайдаланады.